

ӘӨЖ 930:100

Молдадосова А. Қ.¹

¹*Қ.А.Ясауи атындағы Халқаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты,
E-mail: altinay-ru@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ

Аңдатпа

Түркия Республикасы еліміз тәуелсіздігін алғаш мойындаған түбі бір түркі тілдес ел. Қазіргі таңда екі ел арасында дипломатиялық, саяси-экономикалық, әлеметтік салада жан-жақты қатынастар дамып келеді. Екі ел арасындағы ерекше назар аударатын саланың бірі экономикалық қатынастар. Мақалада экономикалық қатынастар ішіндегі сауда қатынастарына, импорт пен экспорттың үлесіне, негізгі тауарларға, Түркиямен сауда жасайтын түркі тілдес елдер арасындағы Қазақстанның үлесін анықтауға баса назар аударылады. Сонымен қатар Түркия Республикасы мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық қатынастары ҚР статистика агенттігінің статистикалық жинақтарын мен түрлі түпдеректерді талдау негізінде жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы, сауда қатынастар, ынтымақтастық.

Moldadossova A.K.¹

¹*PhD student of the international Kazakh-Turkish University named after A. Yasavi
E-mail: altinay-ru@mail.ru*

TRADE RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND TURKEY

Abstract

For the first time, the Republic of Turkey recognized the independence of our country as one of the Turkish-speaking countries. Currently, the two countries are developing comprehensive relations in the diplomatic, political, economic, and social spheres. One of the areas where special attention is paid to both sides is economic relations. The article focuses on trade relations within economic relations, the share of imports and exports, basic goods, and determining the share of Kazakhstan between the Turkish-speaking countries that trade with Turkey. In addition, trade and economic relations between the Republic of Turkey and Kazakhstan are comprehensively discussed based on the analysis of statistical collections of the Agency of statistics of the Republic of Kazakhstan and various sources.

Keywords: Republic of Kazakhstan, Republic of Turkey, trade relations, cooperation.

Молдадосова А.Қ.¹

¹*PhD докторант МКТУ им Х.А.Ясауи
E-mail: altinay-ru@mail.ru*

ТОРГОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ТУРЦИЕЙ

Аннотация

Среди тюркоязычных стран независимость Казахстана первой признала Турецкая Республика. В настоящее время между нашими странами всесторонне развиваются отношения в дипломатической, политическо-экономической и социальной сферах. Большой интерес вызывает экономические отношения между двумя государствами. В статье особое внимание уделяется таким направлениям экономики, как объём импорта и экспорта в торговле, основные товары, определении доли Казахстана среди тюркоязычных стран, ведущими торговлю с Турцией. Торгово-экономические отношения между Республикой Казахстан и Турецкой Республикой всесторонне рассматривается на основе анализа данных Комитета по статистике РК и различных источников.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Турецкая Республика, торговые отношения, сотрудничество

Түркия Республикасы Қазақстан Республикасын тәуелсіздік алған уақыттан бастап, онымен саяси байланыстармен бірге экономикалық байланыстар орнатуға ынталы болды. Енді ғана тәуелсіздігін алып отырған жас мемлекеттің алпауыт мемлекеттердің жетегінде кетпеуі үшін бауырлас Түркия мемлекеті Қазақстанға экономикалық көмек көрсетуге дайын тұрды. Түркияның ҚР-дағы экономика және сауда бойынша атташесі Орта Азиядағы басқа мемлекеттермен салыстыра отырып, Қазақстанмен экономикалық байланыс жасаудағы артықшылықтарын негіздей келе «орта-азиялық аймақтағы басқа мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстан түрік бизнесмендері үшін республиканың табиғи байлықтары, потенциалды мүмкіндіктері мен экономикалық жағдайы тұрғысынан тартымды болып отыр», - деп айтты[1]. Қазақстан үшін де Түркиямен ынтымақтастық орнату тиімді болды. Мұндай ынтымақтастық Қазақстанға әлемдік нарықта әлемдік бағамен шикізатын саудалауға, республикаға шетелдік инвестициялардың келуіне, кәсіпкерлікте жаңа тәжірибемен алмасуға, халық тұтынатын сапалы тауарларды, азық-түлік өнімдерін шығаратын өндіріс орындарын ашуға, ақыр аяғы қазақстандықтардың өмір сүру жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін. Сондықтан Түркия Республикасы да, Қазақстан Республикасы да бір-бірімен екіжақты экономикалық салада ынтымақтастықты дамытуға мүдделі болды. Олай болса екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастық шеңберіндегі сауда қатынастарын талдап көрейік.

ҚР мен ТР арасындағы экономикалық қатынастар саласындағы басым бағыттардың бірі екі ел арасындағы сауда қатынастары болды. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Түркия Республикасымен экономиканың сауда саласы бойынша қарым-қатынастар орнап, ол аз уақыт ішінде кең қанат жайды. Екі мемлекеттің арасындағы сауда қатынасы 1992 жылы ең алғаш рет жоғары көрсеткішке жетіп, ол 30 миллион АҚШ долларына тең болды. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастық та өзінің салмағына қарай өзара сауда-саттықтың жетекші позициясына ие болуы орынды. Мысалы, 1992 жылы Қазақстан мен Түркия арасындағы тауар айналымы 29,3 млн. АҚШ доллары болды. Ал, 1993 жылы бұл көрсеткіш 111,5 млн-ға жетті. 1994 жылы тауар айналымы 136,3 млн АҚШ долларын құрады. [2]. Осыған жақын мәліметті ҚР Президенті мұрағаты құжаттарынан да көруге болады. Онда 1994 жылы ҚР мен ТР арасындағы сауда айналымы 136260 АҚШ долларын құраса, 1995 жылы 194678 АҚШ долларын, 1996 жылдың тоғыз айында 126442 АҚШ долларын құрайтыны көрсетілген[3]. Сауда айналымының импорт пен экспорт құрамы 1-кестеде берілген.

1-кесте. 1994-1996 жылдардағы ҚР мен ТР арасындағы сыртқы сауда айналымы

жылдар	Сыртқы сауда айналымы	Экспорт	Импорт
1994 ж.	136260	49097	87163
1995 ж.	194678	70810	123868
1996 жылдың 9 айы	126442	38339	88103

1995 жылы импортпен экспорттың жалпы көлемі 237,4 млн. АҚШ доллары болды. 1996 жылы Түркия мен Қазақстан арасында сауда айналымы 152,7 млн.долларға жетті. 1997 жылдың алты ай ішінде екі елдің тауар айналымының көлемі 119,11 млн. АҚШ долларын құрады, экспорт – 42,5 млн., ал импорт – 76,61 млн-ға жетті. 1998 жылы Қазақстан экспорты 180 млн доллар болды. Қазақстан Түркиямен тауар айналымы бойынша ТМД елдерінің арасынан Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынды иеленді» [4]. Ал, 1999 жылы Қазақстанға Түркия Республикасынан әкелінген тауарлар экспортының жалпы сомасы 96 миллион АҚШ долларын құраған болса, 2000 жылы бұл көрсеткіш 116 миллион АҚШ долларына жетті. Ал, Қазақстаннан 1999 жылы Түрік еліне апарылған тауарлар экспортының жалпы сомасы 296 млн. АҚШ долларын құраған болса, 2000 жылы бұл көрсеткіш 346 млн. АҚШ долларына жетті. Жалпы, екі ел арасында 2000 жылғы сауда айналымы 400 млн. АҚШ долларды құрады. Түркия Республикасы сыртқы экономикалық байланыстар кеңесінің есептеріне қарағанда, екі ел арасындағы өзара сауда айналымының жалпы сомасы 2001 жылы 1 млрд. АҚШ долларынан асқан[5].

ҚР мен ТР арасындағы сыртқы сауда айналымының көрсеткіштерін талдай отырып, атап өтер жағдай екі елдің де статистикалық мәліметтері өзара сауданы өсу тенденциясымен көрсетеді. Алайда ТР статистикалық комитетінің мәліметіне сәйкес екі ел арасындағы сауда айналымы 1999 жылы 467 млн. АҚШ долларынан 392 млн. АҚШ долларына төмендесе, ал 2000 жылы тағы да 465

млн. АҚШ доллары көлеміне жетеді. Келесі 2001 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 210 млн. АҚШ долларына төмендеді. Ал өз кезегінде ҚР статистикалық мәліметтеріне сәйкес өзара сауданың қысқарғанын 1998 жылдан бастап 279 дан (1997 ж.) 206 млн. АҚШ долларына төмендегенін көрсетеді. Бұл төмендеу 1999 жылы да жалғасып, 142.2 млн. АҚШ долларын құраған[6]. Төменде Қазақстан мен Түркия статистика комитеттерінің салыстырмалы кестелерін бердік. Мұнда екі елдің статистика мәліметтерінің екі түрлі болуына екі елдегі статистикалық есептеудің екі түрлі жүргізілуі, өзіндік есептеу жүйесінің болуы ықтимал.

2-кесте. Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда
(ҚР статистика агенттігі мәліметтері бойынша)

жылдар	импорт	экспорт	Сауда көлемі млн. АҚШ долл.
1996	51,7	151,2	202,9
1998	94,3	202,4	296,7
1999	112,2	36,2	148,4
2000	142,6	64,3	206,9
2001	137,0	74,2	211,2
2002	173,7	97,4	271,1
2003	209,0	99,2	308,2
2007	959,0	934,4	1 893,4
2008	971,3	1 903,8	2 875,1
2009	570,9	791,8	1 362,7
2010	618,7	1 236,8	1 855,5
2011	729,3	2 574,4	3 303,7
2012	806,7	2 705,7	3 512,7
2013	926,1	2 603,1	3 529,2
2014	1 019,4	2 272,4	3 291,8
2015	741,9	1 275,6	2 017,5
2016	618,3	851,0	1 469,3
2017	729,6	1 150,6	1 880,2
2018	655,1	1 242,0	1 897,1

Атап өтерлік жағдай сол жылы Қазақстан экономикасы Ресейдегі (1998 ж. тамыз) дағдарыс салдарынан қиын жағдайға тап болды. Ал 2001-2002 жылдары екі ел арасындағы импорт пен экспорттың көлемі 1998 жылы жасалған сауда айналымының 45%-ын құрады. Сауданың бұлай түсуінің себебін Нихат Батмаздың пікірінше, біріншіден, Түркияның өз ішіндегі экономикалық дағдарыс пен девальвацияның салдарынан кәсіпкерлердің өндіріске көлемді қаражат салуға бейім еместігінде. Ал келесі бір себебі бұған дейін түрік мердігерлері жасаған мердігерлік жұмыстардың аяқталуы мен жаңа жобалардың қабылданбауы болды[7].

3-кесте. Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда

жылдар	экспорт	импорт	Сауда көлемі
1996	164 044	100 595	264 639
1998	214 307	253 668	467 975
1999	96 596	295 911	392 507
2000	118 701	346 376	465 077
2001	119 795	90 343	210 138
2002	160 153	203 852	364 005
2004	355 590	442 193	797 783
2006	696 823	993 728	1 690 051
2008	890 568	1 861 131	2 751 699
2009	633 417	959 455	1 592 872
2010	818 900	1 392 527	2 211 427
2011	947 822	1 995 115	2 942 937

2012	1 068 625	2 056 085	3 124 710
2013	1 039 420	1 760 114	2 799 534
2014	977 562	1 236 268	2 213 830
2015	750 027	1 109 831	1 859 858
2016	623 715	1 093 896	1 717 611
2017	746 244	1 463 158	2 209 402
2018	695 265	1 470 256	2 165 521

(Кесте TP статистика комитетінің мәліметтері негізінде жасалған.
http://www.tuik.gov.tr/PreTablo.do?alt_id=1046)

Екі ел арасындағы сауда қарқыны 2002 жылдан бастап тұрақты түрде даму үсінде болып, 2008 жылы екі ел арасындағы сауда көлемі 2 751 699 АҚШ долларын құрады. 2009 жылы бұл көрсеткіш 1 592 872 АҚШ долларын құрап[8], алдыңғы жылмен салыстырғанда 42 пайызға төмендеген. Екі ел арасындағы сауданың төмендеуіне 2008-2009 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың ықпалы болды.

Дағдарысты құбылыстар, экономикалық даму қарқынының төмендеуі, сонымен бірге геосаяси қалыптасқан жағдай екі ел арасындағы сауда көлеміне айтарлықтай кері әсер етті. 2012 жылы екі ел арасындағы сыртқы сауда бұрын-соңды болмаған \$3,1 млрд. болғанмен, 2013 жылдан бастап сауда айналымы қысқарумен болды және ол үрдіс 2017 жылға дейін жалғасты. 2017 жыл қазақстандық өнімдерге деген сұраныстың өсуіне байланысты сыртқы сауда көлемі өсті. Түркияның экономикалық өсуі (2017 жылы жылдық өсім 6,7%) Қазақстаннан шығарылатын импорттың өсуіне қолайлы болды. 2017 жылы өзара сауданың жалпы құны 28,65% өсіп, 2,209 млрд. АҚШ долларына жетті. Қазақстандық импорт 33,7% (1,463 млрд. АҚШ доллары), түрік тауарларын әкелу 19,7% (746 млн. АҚШ доллары) көтерілді[9].

ҚР мен Түркия арасындағы сауда айналымының соңғы жылдардағы динамикасын талдасақ 2013 жылмен 2017 жылдар аралығында Түркия мен ҚР арасында 3529-дан 1875 млн. АҚШ долларына немесе 68,09%-ға төмендесе, экспорт 2603-тен 1145 млн. АҚШ долларына немесе 56,02 %-ға төмендеген, ал импортта 926-дан 730 млн. АҚШ долларына немесе 21,17 %-ға төмендеді. Сауда балансының сальдосы 2013 пен 2017 жылдар аралығында 1677-ден 416 млн. АҚШ долларына төмендегенін көрсетті. **2015 жылғы Қазақстанның экспорт көлемінде белгілі бір төмендеу болғаны көрінеді.** Бұны түркиялық тарихшылар мұнай бағасының күрт түсуімен, мұнай экспортынан түсетін пайданың азаюына әкеп соғатынымен түсіндіреді[10].

ҚР мен Түркия арасындағы өңдеу өнеркәсібінің өнімдері 2013 жыл мен 2017 жыл аралығында 2313-тен 1586 млн. АҚШ долларына немесе 31,44%-ға төмендеді. Одан бөлек экспорттың 1408-ден 884 млн. АҚШ долларына немесе 39,22 %-ға төмендегені байқалса, импорт 503 тен 182 млн. АҚШ долларына немесе 63,82%-ға төмендеген[11].

4-кесте. ҚР мен TP арасындағы өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің саудасы (млн.АҚШ долл.)

Көрсеткіш	2013	2014	2015	2016	2017
Сауда айналымы	2313	2184	1638	1209	1586
экспорт	1408	1188	918	629	884
импорт	905	996	720	580	702
сальдо	503	193	198	48	182

2017 жылғы статистика мәліметтеріне сүйенетін болсақ Қазақстаннан Түркияға шығарылатын негізгі экспорт тауарларды мыс және мыстан жасалған катодтар - 401,3 млн. долл. (35%), өңделмеген мырыш - 244,3 млн. долл. (21,3%), өңделмеген мұнай - 180,1 млн. долл. (15,7%), табиғи газ - 110,8 млн. долл. (9,7%), өңделмеген алюминий - 90,2 млн. долл. (7,9%), кептірілген бұршақтұқымдас көкөністер - 39 млн. долл. (3,4%), бидай - 30,8 млн. долл. (2,7%), қоспасыз болаттың полуфабрикаттары - 10,3 млн. долл. (0,9%), сұйық кристалды құрылғылар, лазерлер - 5,8 млн. долл. (0,51%), зығыр тұқымдары - 5 млн. долл. (0,43%) құрады. Ал Түркиядан Қазақстанға келетін импорт тауарларды жинақтық құрылыс конструкциялары - **50,6 млн. долл. (6,9%), оқшауланған өткізгіштер, кабельдер - 27,4 млн. долл. (3,8%), алюминий металконструкциялары - 22,8 млн. долл. (3,1%), қара металдан жасалған**

металлконструкциялар - 20,7 млн. долл. (2,8%), нан өнеркәсібі үшін, дәнді дақылдар мен бұршақ тұқымдас өнімдерге арналған құрал-жабдықтар - 19,8 млн. долл. (2,7%), жихаз және оның бөлшектері - 17,2 млн. долл. (2,4%), кілемдер және еденге арналған мақта-мата бұйымдары - 16 млн. долл. (2,2%), жейделер, кардигандар, трикотаж кеудешелер - 15,6 млн.долл. (2,1%) құрады[12].

Ағымдағы жылдың бірінші кварталының нәтижелеріне сәйкес Түркия мен Қазақстан арасындағы сауда айналымы 631,7 млн. АҚШ долларын құрап, алдыңғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда (412,9 млн.АҚШ доллары) 53%-ға көтерілді. 2016 жылғы Түркиямен сауда айналымы төмендегеннен бері екі ел сауда айналымында оң өзгеріс байқалды. Сауда айналымындағы негізгі үлесті экспорт құрап – 74,3% болса, 2019 жылдың үш айында ҚР-нан Түркияға 469,6 млн. АҚШ долларының тауарлары мен өнімдері экспортталды. Түркиядан келетін импорт көлемі өз кезегінде тек 25,7% болып, 162,1 млн. АҚШ долларын құрады[13]. 2018 жылдың қыркүйегіндегі Қазақстанның бірінші президенті Н.Назарбаевтың Түркияға сапары барысында екі ел арасындағы сауда айналымын 5 млрд. АҚШ долларына жеткізу жоспарланған болатын.

ҚР экспорты мен импортындағы негізгі сауда серіктестері ішінде Түркияның алатын орнын анықтау үшін 4-кестеден көріп отырғанымыздай екі ел арасындағы сауда айналымында 1997 жылы Түркия Қазақстан экспортында 4 орын да болып ең жоғары орында болса, қазіргі таңда Түркия Қазақстан экспортындағы сауда серіктестерінің алғашқы он елінің қатарында. Дегенмен Қазақстанның экспорт пен импортында негізгі сауда серіктестері ішінде Түркия ешқашан 5%-дық деңгейге жетпеген[13].

5-кесте. ҚР экспорты мен импортындағы негізгі сауда серіктестері ішінде Түркияның алатын орны

уақыты	Жалпы экспорттағы үлесі	орыны	Жалпы импорттағы үлесі	орны
1997 жыл	4,1	4	1,6	14
1998 жыл	4,8	5	1,7	11
2008 жыл	2,7	10	2,6	8
2009 жыл	1,8	18	2	9
2013 жыл	3,1	9	1,9	11
2014 жыл	2,9	10	2,5	10
2015 жыл	2,8	8	2,4	8
2016 жыл	2,3	12	2,4	8
2017 жыл	2,4	9	2,5	6

Екі ел арасындағы өзара сауданың дамуын объективті талдау үшін Түркияның ТМД-ғы басқа түркітілдес елдермен саудасын салыстырмалы талдадық. Бұл Түркия сыртқы саудасындағы түркі мемлекеттері ішіндегі Қазақстанның алар орнын анықтап берері анық. Онда төмендеге кестелерге назар салып көрелік.

6-кесте. Түркия Республикасының экспорты

жылдар	Азербайжан	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Түркіменстан
2012	2 584 671	1 068 625	449 884	257 470	1 480 052
2013	2 960 371	1 039 420	562 526	388 336	1 957 484
2014	2 874 608	977 562	603 013	421 431	2 231 246
2015	1 898 520	750 027	488 580	294 702	1 857 843
2016	1 285 127	623 715	533 018	308 933	1 241 470
2017	1 356 999	746 244	680 104	343 600	1 037 980
2018	1 474 332	695 265	951 458	377 073	467 169

7-кесте. Түркия Республикасының импорты

жылдар	Азербайжан	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Түркіменстан
2012	339 936	2 056 085	813 287	45 226	303 507

2013	337 748	1 760 114	815 417	36 964	653 815
2014	291 283	1 236 268	780 707	65 648	623 326
2015	232 376	1 109 831	711 555	76 858	557 356
2016	278 131	1 093 896	709 292	101 067	422 492
2017	350 870	1 463 158	823 275	143 794	403 553
2018	378 734	1 470 256	795 545	47 342	260 995

Түркияның соңғы жылдардағы түркі тілдес елдермен сыртқы саудасын талдай отырып, 2015-2017 жылдары Түркия экспорты бойынша Қазақстан Азербайжан мен Түркіменстаннан кейінгі үшінші орында тұрса, 2018 жылы Түркіменстанға Түркия эспорты 50%-ға төмендеп, Қазақстан екінші орынға көтерілген[13].

2012-2018 жылдардағы Түркия сыртқы саудасындағы импортын талдай отырып, Қазақстан түркітілдес елдер арасында бірінші орында екенін көруге болады. Түркияға Қазақстаннан баратын импорт 2018 жылы Азербайжаннан 4 есеге, Өзбекстаннан 2 есеге, Қырғызстаннан 31 есеге, Түркіменстаннан 5 есеге артық болды. Түркияның түркі тілдес елдермен жалпы сауда айналымында Қазақстан 2016 жылдан бері бірінші орында келеді. Ол төмендегі кестеде көрсетілген.

8-кесте. Түркия Республикасының түркі мемлекеттермен сауда айналымы

жылдар	Азербайжан	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Түркіменстан
2012	2 584 671	3 124 710	1 263 171	302 696	1 783 559
2013	2 960 371	2 799 534	1 377 943	425 300	2 611 299
2014	2 874 608	2 213 830	1 383 720	487 079	2 854 572
2015	1 898 520	1 859 858	1 200 135	371 560	2 415 199
2016	1 285 127	1 717 611	1 242 310	410 000	1 663 962
2017	1 356 999	2 209 402	1 503 379	487 394	1 441 533
2018	1 474 332	2 165 521	1 747 003	424 415	728 164

Екі ел арасындағы сауда айналымына талдауымызды қортындылай келе Қазақстан Түркиямен сауда айналымында түркітілдес елдер арасында алдыңғы орынға шығып, негізінен Түркияның импортында шикізат өнімдері есебінен алдыңғы қатарда болып отыр. Көріп отырғанымыздай екі ел арасындағы сауда айналымы 2016 жылғы күрт төмендеуіне қарамастан қазіргі таңда қайта жанданып, қалпына келу үстінде. Сауда айналымы осы қарқында дамыса алдағы жылдары екі ел арасындағы сауда көлемі 5 млрд.АҚШ долларына жетері анық. Осылайша, Қазақстан Түркияның өңірдегі ең маңызды сауда-экономикалық әріптесіне айналды. Тараптар сауда қарым-қатынастарын одан ары кеңейтуге, сауда жасаудағы кедергілерді жойып, жаңа мүмкіндіктерді айқындауға тырысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. По мнению турецкой стороны, экономические связи Казахстана и Турции настолько прочны, что им не страшны политические перемены // Панорама. 1994. 15 октября.
2. Парубочая Е.Ф. Казахстанско-турецкие отношения в постсоветский период. / Дисс. канд. ист. наук. – Волгоград 2008. С.94.
3. ҚР Президентінің архиві. Қор №75-Н. Опись №1, Іс 2481, 145-бет.
4. Казахстан-Турция: Приоритеты в деловом партнерстве. // Казахстанская правда 16.06.1995.
5. TOBB – Türkiye Odalar ve Borsalar Birliği (Түркияның тауар биржалары және сауда палаталарының одағы) “Kazakistan / Tarım ve Tarıma Dayalı Sanayiinin Yapısı ve Türkiye İle İlişkileri Açısından Değerlendirilmesi” Yayın No: Genel 308: BÖM: 34, - Ankara. 2000 y. s. 94
6. Somuncuoğlu, Anar. “Geçiş Döneminde Kazakistan Ekonomisi.” Avrasya Dosyası, 2001. 43-s.
7. Batmaz Nihat, “Gelişimi ve Üretim Yapısıyla Kazakistan Ekonomisinin Bağımsızlık Öncesi ve Sonrası Dönemde Karşılaştırmalı Bir Analizi”, Bağımsızlığının 10. Yıl Dönümünde Kazakistan Cumhuriyeti'nin Eğitim ve Ekonomik Meseleleri İlimi Uluslararası Kongresi, - Türkistan. 2001.
8. Türkiye İstatistik Kurumu Başkanlığı (TÜİK). http://www.tuik.gov.tr/PreTablo.do?alt_id=1046

9. Nevzat ŞİMŞEK, Cengizhan CANALTAY, Hayal Ayça ŞİMŞEK. *Türkiye ve Kazakistan'ın Ticari İlişkilerinin Mevcut Durumu ve Geleceğe Yönelik Beklentiler/Nursultan Nazarbayev. Büyük Bozkır'ın Manevi Dirilişi*. ANKARA – 2018

10. Республика Турция. Страновой обзор. Астана 2018. С.39.

11. ВНЕШНЯЯ ТОРГОВЛЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН. АО «ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТОРГОВОЙ ПОЛИТИКИ». Астана 2018.103-104-с.

12. Казахстанско-турецкие отношения в фазе активного роста: товарооборот между странами увеличился на 53% за год.// *Zakon.kz*. <https://www.zakon.kz/4972615-kazahstansko-turetskie-otnosheniya-v.html>

13. *Внешиэкономическая деятельность Республики Казахстан / статистический сборник/ Агентства Республики Казахстан по статистике. Алматы; 1999 г. 388 с., Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы және бірлескен кәсіпкерлігі. Статистикалық жинақ (1999-2003) /Редакциясын басқарған Б.Қ.Тортаев./ Алматы, 2004, 226 бет., 2007-2011 жылдардағы Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы / Статистикалық жинақ / Астана қаласы, 2012, Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы 2011-2015 /Статистикалық жинақ / Астана қаласы, 2016, 261 бет., Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы 2013-2017 / Статистикалық жинақ / Астана 2018, 244 бет.*

ГРНТИ 03.01.17

ӘӨЖ 930:100

Молдадосова А. Қ.¹

¹*Қ.А.Ясауи атындағы Халқаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты,
E-mail: altinay-ru@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ

Аңдатпа

Түркия Республикасы еліміз тәуелсіздігін алғаш мойындаған түбі бір түркі тілдес ел. Қазіргі таңда екі ел арасында дипломатиялық, саяси-экономикалық, әлеметтік салада жан-жақты қатынастар дамып келеді. Екі ел арасындағы ерекше назар аударатын саланың бірі экономикалық қатынастар. Мақалада экономикалық қатынастар ішіндегі сауда қатынастарына, импорт пен экспорттың үлесіне, негізгі тауарларға, Түркиямен сауда жасайтын түркі тілдес елдер арасындағы Қазақстанның үлесін анықтауға баса назар аударылады. Сонымен қатар Түркия Республикасы мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық қатынастары ҚР статистика агенттігінің статистикалық жинақтарын мен түрлі түпдеректерді талдау негізінде жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы, сауда қатынастар, ынтымақтастық.

Moldadossova A.K.¹

¹*PhD student of the international Kazakh-Turkish University named after A. Yasavi
E-mail: altinay-ru@mail.ru*

TRADE RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND TURKEY

Abstract

For the first time, the Republic of Turkey recognized the independence of our country as one of the Turkish-speaking countries. Currently, the two countries are developing comprehensive relations in the diplomatic, political, economic, and social spheres. One of the areas where special attention is paid to both sides is economic relations. The article focuses on trade relations within economic relations, the share of imports and exports, basic goods, and determining the share of Kazakhstan between the Turkish-speaking countries that trade with Turkey. In addition, trade and economic relations between the Republic of Turkey and Kazakhstan are comprehensively discussed based on the analysis of statistical collections Of the Agency of statistics of the Republic of Kazakhstan and various sources.

Keywords: Republic of Kazakhstan, Republic of Turkey, trade relations, cooperation.

Молдадосова А.Қ.¹

ТОРГОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ТУРЦИЕЙ

Аннотация

Среди тюркоязычных стран независимость Казахстана первой признала Турецкая Республика. В настоящее время между нашими странами всесторонне развиваются отношения в дипломатической, политическо-экономической и социальной сферах. Большой интерес вызывает экономические отношения между двумя государствами. В статье особое внимание уделяется таким направлениям экономики, как объём импорта и экспорта в торговле, основные товары, определении доли Казахстана среди тюркоязычных стран, ведущими торговлю с Турцией. Торгово-экономические отношения между Республикой Казахстан и Турецкой Республикой всесторонне рассматривается на основе анализа данных Комитета по статистике РК и различных источников.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Турецкая Республика, торговые отношения, сотрудничество

Түркия Республикасы Қазақстан Республикасын тәуелсіздік алған уақыттан бастап, онымен саяси байланыстармен бірге экономикалық байланыстар орнатуға ынталы болды. Енді ғана тәуелсіздігін алып отырған жас мемлекеттің алпауыт мемлекеттердің жетегінде кетпеуі үшін бауырлас Түркия мемлекеті Қазақстанға экономикалық көмек көрсетуге дайын тұрды. Түркияның ҚР-дағы экономика және сауда бойынша атташесі Орта Азиядағы басқа мемлекеттермен салыстыра отырып, Қазақстанмен экономикалық байланыс жасаудағы артықшылықтарын негіздей келе «орта-азиялық аймақтағы басқа мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстан түрік бизнесмендері үшін республиканың табиғи байлықтары, потенциалды мүмкіндіктері мен экономикалық жағдайы тұрғысынан тартымды болып отыр», - деп айтты[1]. Қазақстан үшін де Түркиямен ынтымақтастық орнату тиімді болды. Мұндай ынтымақтастық Қазақстанға әлемдік нарықта әлемдік бағамен шикізатын саудалауға, республикаға шетелдік инвестициялардың келуіне, кәсіпкерлікте жаңа тәжірибемен алмасуға, халық тұтынатын сапалы тауарларды, азық-түлік өнімдерін шығаратын өндіріс орындарын ашуға, ақыр аяғы қазақстандықтардың өмір сүру жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін. Сондықтан Түркия Республикасы да, Қазақстан Республикасы да бір-бірімен екіжақты экономикалық салада ынтымақтастықты дамытуға мүдделі болды. Олай болса екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастық шеңберіндегі сауда қатынастарын талдап көрейік.

ҚР мен ТР арасындағы экономикалық қатынастар саласындағы басым бағыттардың бірі екі ел арасындағы сауда қатынастары болды. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Түркия Республикасымен экономиканың сауда саласы бойынша қарым-қатынастар орнап, ол аз уақыт ішінде кең қанат жайды. Екі мемлекеттің арасындағы сауда қатынасы 1992 жылы ең алғаш рет жоғары көрсеткішке жетіп, ол 30 миллион АҚШ долларына тең болды. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастық та өзінің салмағына қарай өзара сауда-саттықтың жетекші позициясына ие болуы орынды. Мысалы, 1992 жылы Қазақстан мен Түркия арасындағы тауар айналымы 29,3 млн. АҚШ доллары болды. Ал, 1993 жылы бұл көрсеткіш 111,5 млн-ға жетті. 1994 жылы тауар айналымы 136,3 млн АҚШ долларын құрады. [2]. Осыған жақын мәліметті ҚР Президенті мұрағаты құжаттарынан да көруге болады. Онда 1994 жылы ҚР мен ТР арасындағы сауда айналымы 136260 АҚШ долларын құраса, 1995 жылы 194678 АҚШ долларын, 1996 жылдың тоғыз айында 126442 АҚШ долларын құрайтыны көрсетілген[3]. Сауда айналымының импорт пен экспорт құрамы 1-кестеде берілген.

1-кесте. 1994-1996 жылдардағы ҚР мен ТР арасындағы сыртқы сауда айналымы

жылдар	Сыртқы сауда айналымы	Экспорт	Импорт
1994 ж.	136260	49097	87163
1995 ж.	194678	70810	123868
1996 жылдың 9 айы	126442	38339	88103

1995 жылы импортпен экспорттың жалпы көлемі 237,4 млн. АҚШ доллары болды. 1996 жылы Түркия мен Қазақстан арасында сауда айналымы 152,7 млн.долларға жетті. 1997 жылдың алты ай

ішінде екі елдің тауар айналымының көлемі 119,11 млн. АҚШ долларын құрады, экспорт – 42,5 млн., ал импорт – 76,61 млн-ға жетті. 1998 жылы Қазақстан экспорты 180 млн доллар болды. Қазақстан Түркиямен тауар айналымы бойынша ТМД елдерінің арасынан Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынды иеленді» [4]. Ал, 1999 жылы Қазақстанға Түркия Республикасынан әкелінген тауарлар экспортының жалпы сомасы 96 миллион АҚШ долларын құраған болса, 2000 жылы бұл көрсеткіш 116 миллион АҚШ долларына жетті. Ал, Қазақстаннан 1999 жылы Түрік еліне апарылған тауарлар экспортының жалпы сомасы 296 млн. АҚШ долларын құраған болса, 2000 жылы бұл көрсеткіш 346 млн. АҚШ долларына жетті. Жалпы, екі ел арасында 2000 жылғы сауда айналымы 400 млн. АҚШ долларды құрады. Түркия Республикасы сыртқы экономикалық байланыстар кеңесінің есептеріне қарағанда, екі ел арасындағы өзара сауда айналымының жалпы сомасы 2001 жылы 1 млрд. АҚШ долларынан асқан[5].

ҚР мен ТР арасындағы сыртқы сауда айналымының көрсеткіштерін талдай отырып, атап өтер жағдай екі елдің де статистикалық мәліметтері өзара сауданы өсу тенденциясымен көрсетеді. Алайда ТР статистикалық комитетінің мәліметіне сәйкес екі ел арасындағы сауда айналымы 1999 жылы 467 млн. АҚШ долларынан 392 млн. АҚШ долларына төмендесе, ал 2000 жылы тағы да 465 млн. АҚШ доллары көлеміне жетеді. Келесі 2001 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 210 млн. АҚШ долларына төмендеді. Ал өз кезегінде ҚР статистикалық мәліметтеріне сәйкес өзара сауданың қысқарғанын 1998 жылдан бастап 279 дан (1997 ж.) 206 млн. АҚШ долларына төмендегенін көрсетеді. Бұл төмендеу 1999 жылы да жалғасып, 142.2 млн. АҚШ долларын құраған[6]. Төменде Қазақстан мен Түркия статистика комитеттерінің салыстырмалы кестелерін бердік. Мұнда екі елдің статистика мәліметтерінің екі түрлі болуына екі елдегі статистикалық есептеудің екі түрлі жүргізілуі, өзіндік есептеу жүйесінің болуы ықтимал.

2-кесте. Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда
(ҚР статистика агенттігі мәліметтері бойынша)

жылдар	импорт	экспорт	Сауда көлемі млн. АҚШ долл.
1996	51,7	151,2	202,9
1998	94,3	202,4	296,7
1999	112,2	36,2	148,4
2000	142,6	64,3	206,9
2001	137,0	74,2	211,2
2002	173,7	97,4	271,1
2003	209,0	99,2	308,2
2007	959,0	934,4	1 893,4
2008	971,3	1 903,8	2 875,1
2009	570,9	791,8	1 362,7
2010	618,7	1 236,8	1 855,5
2011	729,3	2 574,4	3 303,7
2012	806,7	2 705,7	3 512,7
2013	926,1	2 603,1	3 529,2
2014	1 019,4	2 272,4	3 291,8
2015	741,9	1 275,6	2 017,5
2016	618,3	851,0	1 469,3
2017	729,6	1 150,6	1 880,2
2018	655,1	1 242,0	1 897,1

Атап өтерлік жағдай сол жылы Қазақстан экономикасы Ресейдегі (1998 ж. тамыз) дағдарыс салдарынан қиын жағдайға тап болды. Ал 2001-2002 жылдары екі ел арасындағы импорт пен экспорттың көлемі 1998 жылы жасалған сауда айналымының 45%-ын құрады. Сауданың бұлай түсуінің себебін Нихат Батмаздың пікірінше, біріншіден, Түркияның өз ішіндегі экономикалық дағдарыс пен девальвацияның салдарынан кәсіпкерлердің өндіріске көлемді қаражат салуға бейім еместігінде. Ал келесі бір себебі бұған дейін түрік мердігерлері жасаған мердігерлік жұмыстардың аяқталуы мен жаңа жобалардың қабылданбауы болды[7].

3-кесте. Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда

жылдар	экспорт	импорт	Сауда көлемі
1996	164 044	100 595	264 639
1998	214 307	253 668	467 975
1999	96 596	295 911	392 507
2000	118 701	346 376	465 077
2001	119 795	90 343	210 138
2002	160 153	203 852	364 005
2004	355 590	442 193	797 783
2006	696 823	993 728	1 690 051
2008	890 568	1 861 131	2 751 699
2009	633 417	959 455	1 592 872
2010	818 900	1 392 527	2 211 427
2011	947 822	1 995 115	2 942 937
2012	1 068 625	2 056 085	3 124 710
2013	1 039 420	1 760 114	2 799 534
2014	977 562	1 236 268	2 213 830
2015	750 027	1 109 831	1 859 858
2016	623 715	1 093 896	1 717 611
2017	746 244	1 463 158	2 209 402
2018	695 265	1 470 256	2 165 521

(Кесте ТР статистика комитетінің мәліметтері негізінде жасалған.
http://www.tuik.gov.tr/PreTablo.do?alt_id=1046)

Екі ел арасындағы сауда қарқыны 2002 жылдан бастап тұрақты түрде даму үсінде болып, 2008 жылы екі ел арасындағы сауда көлемі 2 751 699 АҚШ долларын құрады. 2009 жылы бұл көрсеткіш 1 592 872 АҚШ долларын құрап[8], алдыңғы жылмен салыстырғанда 42 пайызға төмендеген. Екі ел арасындағы сауданың төмендеуіне 2008-2009 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың ықпалы болды.

Дағдарысты құбылыстар, экономикалық даму қарқынының төмендеуі, сонымен бірге геосаяси қалыптасқан жағдай екі ел арасындағы сауда көлеміне айтарлықтай кері әсер етті. 2012 жылы екі ел арасындағы сыртқы сауда бұрын-соңды болмаған \$3,1 млрд. болғанмен, 2013 жылдан бастап сауда айналымы қысқарумен болды және ол үрдіс 2017 жылға дейін жалғасты. 2017 жыл қазақстандық өнімдерге деген сұраныстың өсуіне байланысты сыртқы сауда көлемі өсті. Түркияның экономикалық өсуі (2017 жылы жылдық өсім 6,7%) Қазақстаннан шығарылатын импорттың өсуіне қолайлы болды. 2017 жылы өзара сауданың жалпы құны 28,65% өсіп, 2,209 млрд. АҚШ долларына жетті. Қазақстандық импорт 33,7% (1,463 млрд. АҚШ доллары), түрік тауарларын әкелу 19,7% (746 млн. АҚШ доллары) көтерілді[9].

ҚР мен Түркия арасындағы сауда айналымының соңғы жылдардағы динамикасын талдасақ 2013 жылмен 2017 жылдар аралығында Түркия мен ҚР арасында 3529-дан 1875 млн. АҚШ долларына немесе 68,09%-ға төмендесе, экспорт 2603-тен 1145 млн. АҚШ долларына немесе 56,02 %-ға төмендеген, ал импортта 926-дан 730 млн. АҚШ долларына немесе 21,17 %-ға төмендеді. Сауда балансының сальдосы 2013 пен 2017 жылдар аралығында 1677-ден 416 млн. АҚШ долларына төмендегенін көрсетті. 2015 жылғы Қазақстанның экспорт көлемінде белгілі бір төмендеу болғаны көрінеді. Бұны түркиялық тарихшылар мұнай бағасының күрт түсуімен, мұнай экспортынан түсетін пайданың азаюына әкеп соғатынымен түсіндіреді[10].

ҚР мен Түркия арасындағы өңдеу өнеркәсібінің өнімдері 2013 жыл мен 2017 жыл аралығында 2313-тен 1586 млн. АҚШ долларына немесе 31,44%-ға төмендеді. Одан бөлек экспорттың 1408-ден 884 млн. АҚШ долларына немесе 39,22 %-ға төмендегені байқалса, импорт 503 тен 182 млн. АҚШ долларына немесе 63,82%-ға төмендеген[11].

4-кесте. ҚР мен ТР арасындағы өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің саудасы
 (млн.АҚШ долл.)

Көрсеткіш	2013	2014	2015	2016	2017
Сауда айналымы	2313	2184	1638	1209	1586
экспорт	1408	1188	918	629	884
импорт	905	996	720	580	702
сальдо	503	193	198	48	182

2017 жылғы статистика мәліметтеріне сүйенетін болсақ Қазақстаннан Түркияға шығарылатын негізгі экспорт тауарларды мыс және мыстан жасалған катодтар - 401,3 млн. долл. (35%), өңделмеген мырыш - 244,3 млн. долл. (21,3%), өңделмеген мұнай - 180,1 млн. долл. (15,7%), табиғи газ - 110,8 млн. долл. (9,7%), өңделмеген алюминий - 90,2 млн. долл. (7,9%), кептірілген бұршақтұқымдас көкөністер - 39 млн. долл. (3,4%), бидай - 30,8 млн. долл. (2,7%), қоспасыз болаттың полуфабрикаттары - 10,3 млн. долл. (0,9%), сұйық кристалды құрылғылар, лазерлер - 5,8 млн. долл. (0,51%), зығыр тұқымдары - 5 млн. долл. (0,43%) құрады. Ал Түркиядан Қазақстанға келетін импорт тауарларды жинақтық құрылыс конструкциялары - 50,6 млн. долл. (6,9%), оқшауланған өткізгіштер, кабельдер - 27,4 млн. долл. (3,8%), алюминий металлконструкциялары - 22,8 млн. долл. (3,1%), қара металдан жасалған металлконструкциялар - 20,7 млн. долл. (2,8%), нан өнеркәсібі үшін, дәнді дақылдар мен бұршақ тұқымдас өнімдерге арналған құрал-жабдықтар - 19,8 млн. долл. (2,7%), жихаз және оның бөлшектері - 17,2 млн. долл. (2,4%), кілемдер және еденге арналған мақта-мата бұйымдары - 16 млн. долл. (2,2%), жейделер, кардигандар, трикотаж кеудешелер - 15,6 млн.долл. (2,1%) құрады[12].

Ағымдағы жылдың бірінші кварталының нәтижелеріне сәйкес Түркия мен Қазақстан арасындағы сауда айналымы 631,7 млн. АҚШ долларын құрап, алдыңғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда (412,9 млн.АҚШ доллары) 53%-ға көтерілді. 2016 жылғы Түркиямен сауда айналымы төмендегеннен бері екі ел сауда айналымында оң өзгеріс байқалды. Сауда айналымындағы негізгі үлесті экспорт құрап – 74,3% болса, 2019 жылдың үш айында ҚР-нан Түркияға 469,6 млн. АҚШ долларының тауарлары мен өнімдері экспортталды. Түркиядан келетін импорт көлемі өз кезегінде тек 25,7% болып, 162,1 млн. АҚШ долларын құрады[13]. 2018 жылдың қыркүйегіндегі Қазақстанның бірінші президенті Н.Назарбаевтың Түркияға сапары барысында екі ел арасындағы сауда айналымын 5 млрд. АҚШ долларына жеткізу жоспарланған болатын.

ҚР экспорты мен импортындағы негізгі сауда серіктестері ішінде Түркияның алатын орнын анықтау үшін 4-кестеден көріп отырғанымыздай екі ел арасындағы сауда айналымында 1997 жылы Түркия Қазақстан экспортында 4 орын да болып ең жоғары орында болса, қазіргі таңда Түркия Қазақстан экспортындағы сауда серіктестерінің алғашқы он елінің қатарында. Дегенмен Қазақстанның экспорт пен импортында негізгі сауда серіктестері ішінде Түркия ешқашан 5%-дық деңгейге жетпеген[13].

5-кесте. ҚР экспорты мен импортындағы негізгі сауда серіктестері ішінде Түркияның алатын орны

уақыты	Жалпы экспорттағы үлесі	орыны	Жалпы импорттағы үлесі	орны
1997 жыл	4,1	4	1,6	14
1998 жыл	4,8	5	1,7	11
2008 жыл	2,7	10	2,6	8
2009 жыл	1,8	18	2	9
2013 жыл	3,1	9	1,9	11
2014 жыл	2,9	10	2,5	10
2015 жыл	2,8	8	2,4	8
2016 жыл	2,3	12	2,4	8
2017 жыл	2,4	9	2,5	6

Екі ел арасындағы өзара сауданың дамуын объективті талдау үшін Түркияның ТМД-ғы басқа түркітілдес елдермен саудасын салыстырмалы талдадық. Бұл Түркия сыртқы саудасындағы түркі мемлекеттері ішіндегі Қазақстанның алар орнын анықтап берері анық. Онда төмендеге кестелерге назар салып көрелік.

6-кесте. Түркия Республикасының экспорты

жылдар	Азербайжан	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Түркіменстан
2012	2 584 671	1 068 625	449 884	257 470	1 480 052
2013	2 960 371	1 039 420	562 526	388 336	1 957 484
2014	2 874 608	977 562	603 013	421 431	2 231 246
2015	1 898 520	750 027	488 580	294 702	1 857 843
2016	1 285 127	623 715	533 018	308 933	1 241 470
2017	1 356 999	746 244	680 104	343 600	1 037 980
2018	1 474 332	695 265	951 458	377 073	467 169

7-кесте. Түркия Республикасының импорты

жылдар	Азербайжан	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Түркіменстан
2012	339 936	2 056 085	813 287	45 226	303 507
2013	337 748	1 760 114	815 417	36 964	653 815
2014	291 283	1 236 268	780 707	65 648	623 326
2015	232 376	1 109 831	711 555	76 858	557 356
2016	278 131	1 093 896	709 292	101 067	422 492
2017	350 870	1 463 158	823 275	143 794	403 553
2018	378 734	1 470 256	795 545	47 342	260 995

Түркияның соңғы жылдардағы түркі тілдес елдермен сыртқы саудасын талдай отырып, 2015-2017 жылдары Түркия экспорты бойынша Қазақстан Азербайжан мен Түркіменстаннан кейінгі үшінші орында тұрса, 2018 жылы Түркіменстанға Түркия эспорты 50%-ға төмендеп, Қазақстан екінші орынға көтерілген[13].

2012-2018 жылдардағы Түркия сыртқы саудасындағы импортын талдай отырып, Қазақстан түркітілдес елдер арасында бірінші орында екенін көруге болады. Түркияға Қазақстаннан баратын импорт 2018 жылы Азербайжаннан 4 есеге, Өзбекстаннан 2 есеге, Қырғызстаннан 31 есеге, Түркіменстаннан 5 есеге артық болды. Түркияның түркі тілдес елдермен жалпы сауда айналымында Қазақстан 2016 жылдан бері бірінші орында келеді. Ол төмендегі кестеде көрсетілген.

8-кесте. Түркия Республикасының түркі мемлекеттермен сауда айналымы

жылдар	Азербайжан	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Түркіменстан
2012	2 584 671	3 124 710	1 263 171	302 696	1 783 559
2013	2 960 371	2 799 534	1 377 943	425 300	2 611 299
2014	2 874 608	2 213 830	1 383 720	487 079	2 854 572
2015	1 898 520	1 859 858	1 200 135	371 560	2 415 199
2016	1 285 127	1 717 611	1 242 310	410 000	1 663 962
2017	1 356 999	2 209 402	1 503 379	487 394	1 441 533
2018	1 474 332	2 165 521	1 747 003	424 415	728 164

Екі ел арасындағы сауда айналымына талдауымызды қортындылай келе Қазақстан Түркиямен сауда айналымында түркітілдес елдер арасында алдыңғы орынға шығып, негізінен Түркияның импортында шикізат өнімдері есебінен алдыңғы қатарда болып отыр. Көріп отырғанымыздай екі ел арасындағы сауда айналымы 2016 жылғы күрт төмендеуіне қарамастан қазіргі таңда қайта жанданып, қалпына келу үстінде. Сауда айналымы осы қарқында дамыса алдағы жылдары екі ел арасындағы сауда көлемі 5 млрд.АҚШ долларына жетері анық. Осылайша, Қазақстан Түркияның өңірдегі ең маңызды сауда-экономикалық әріптесіне айналды. Тараптар сауда қарым-қатынастарын одан ары кеңейтуге, сауда жасаудағы кедергілерді жойып, жаңа мүмкіндіктерді айқындауға тырысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

14. По мнению турецкой стороны, экономические связи Казахстана и Турции настолько прочны, что им не страшны политические перемены // Панорама. 1994. 15 октября.
15. Парубочая Е.Ф. Казахстанско-турецкие отношения в постсоветский период. / Дисс. канд. ист. наук. – Волгоград 2008. С.94.
16. ҚР Президентінің архиві. Қор №75-Н. Опись №1, Іс 2481, 145-бет.
17. Казахстан-Турция: Приоритеты в деловом партнерстве. // Казахстанская правда 16.06.1995.
18. TOBB – Türkiye Odalar ve Borsalar Birliği (Түркияның тауар биржалары және сауда палаталарының одағы) “Kazakistan / Tarım ve Tarıma Dayalı Sanayiinin Yapısı ve Türkiye İle İlişkileri Açısından Değerlendirilmesi” Yayın No: Genel 308: BÖM: 34, - Ankara. 2000 y. s. 94
19. Somuncuoğlu, Anar. “Geçiş Döneminde Kazakistan Ekonomisi.” Avrasya Dosyası, 2001. 43-s.
20. Batmaz Nihat, “Gelişimi ve Üretim Yapısıyla Kazakistan Ekonomisinin Bağımsızlık Öncesi ve Sonrası Dönemde Karşılaştırmalı Bir Analizi”, Bağımsızlığının 10. Yıl Dönümünde Kazakistan Cumhuriyeti'nin Eğitim ve Ekonomik Meseleleri İlimi Uluslararası Kongresi, - Türkistan. 2001.
21. [Türkiye İstatistik Kurumu Başkanlığı \(TÜİK\)](http://www.tuik.gov.tr/PreTablo.do?alt_id=1046). http://www.tuik.gov.tr/PreTablo.do?alt_id=1046
22. Nevzat ŞİMŞEK, Cengizhan CANALTAY, Hayal Ayça ŞİMŞEK. Türkiye ve Kazakistan'ın Ticari İlişkilerinin Mevcut Durumu ve Geleceğe Yönelik Beklentiler//Nursultan Nazarbayev. Büyük Bozkır'ın Manevi Dirilişi. ANKARA – 2018
23. Республика Турция. Страновой обзор. Астана 2018. С.39.
24. ВНЕШНЯЯ ТОРГОВЛЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН. АО «ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТОРГОВОЙ ПОЛИТИКИ». Астана 2018.103-104-с.
25. Казахстанско-турецкие отношения в фазе активного роста: товарооборот между странами увеличился на 53% за год.// Zakon.kz. <https://www.zakon.kz/4972615-kazahstansko-turetskie-otnosheniya-v.html>
26. Внешнеэкономическая деятельность Республики Казахстан / статистический сборник/ Агентства Республики Казахстан по статистике. Алматы; 1999 г. 388 с., Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы және бірлескен кәсіпкерлігі. Статистикалық жинақ (1999-2003) /Редакциясын басқарған Б.Қ.Тортаев./ Алматы, 2004, 226 бет., 2007-2011 жылдардағы Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы / Статистикалық жинақ / Астана қаласы, 2012, Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы 2011-2015 /Статистикалық жинақ / Астана қаласы, 2016, 261 бет., Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы 2013-2017 / Статистикалық жинақ / Астана 2018, 244 бет.